

"Шағын діни топтарды тіркеу туралы" 2010 жылғы 16 ақпандағы № 524 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 19 мамырдағы N 698 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Зырян аудандық әділет басқармасында 2010 жылғы 25 маусымда N 5-12-109 тіркелді. Күші жойылды - ШҚО Зырян ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 15 қарашадағы № 761 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ШҚО Зырян ауданы әкімдігінің 2011.11.15 № 761 қаулысымен.

«Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-2 бабына сәйкес, әкімдік **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Шағын діни топтарды тіркеу туралы» 2010 жылғы 16 ақпандағы № 524 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-12-103 тіркелген, «Зырян-Инфо» газетінде 2010 жылдың 26 сәуірінде № 010 (071) жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Қаулының, 1 тармақтың, нұсқаулық тақырыбының атауында және нұсқаулықтың барлық мәтіні бойынша «тіркеу» сөзінен кейін «және қайта тіркеу» сөзімен толықтырылсын;

2) нұсқаулықтың 4 тармағында «10-нан аспайды» сөзі «10-ға дейін» сөзімен ауыстырылсын;

3) нұсқаулықтағы 2 бөлімінің тақырыбында «тәртіп» сөзі жойылсын.

2. Осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Зырян ауданы әкімінің
міндетін атқарушы *Н. Игнашин*